Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Кездейсоқ шаманың характеристикалық функциясының анықтамасын беріңіз.
2. Дискретті кездейсоқ шаманың мәндер жиыны ақырлы болған жағдайда оның характеристикалық функциясы қалай анықталады?
3. Дискретті кездейсоқ шаманың мәндер жиыны саналымды болған жағдайда оның характеристикалық функциясы қалай анықталады?
4. Үзіліссіз кездейсоқ шаманың характеристикалық функциясы қалай анықталады?
5. Характеристикалық функцияның қасиеттерін келтіріңіз.
6. Қайтарымдылық формуласын келтіріңіз.
7. Тығыздық үшін қайтарымдылық формуласын келтіріңіз.
8. Биномиалды заң бойынша үлестірілген кездейсоқ шаманың характеристикалық функциясы неге тең?
9. Бірдей ықтималдық кеңістікте анықталған кездейсоқ шамалар тізбегі қандай жағдайда 1 ықтималдығымен тұрақты 0 кездейсоқ шамасына жинақталады деп аталады?
10. Бірдей ықтималдық кеңістікте анықталған кездейсоқ шамалар тізбегі қандай жағдайда тұрақты 0 кездейсоқ шамасына ықтималдық бойынша жинақталады деп аталады және бұл жинақталу қалай белгіленеді?
11. Бірдей ықтималдық кеңістікте анықталған кездейсоқ шамалар тізбегі қандай жағдайда орташа квадраттық мағынада 0 санына жинақталады деп аталады және бұл жинақталу қалай белгіленеді?
12. Қандай жағдайда үлестіру функцияларынан құралған $F_1(x), F_2(x), \dots, F_n(x), \dots$ тізбек белгілі бір $F(x)$ функциясына жеңіл түрде жинақталады деп аталады?